

## ТЕРМИНЖАСАМДАҒЫ БУДАН ҚҰБЫЛЫСЫ

\*Ахмет А.Н.<sup>1</sup>, Құрманбайұлы Ш.<sup>2</sup>, Нургалиева С.А.<sup>3</sup>, Бегимова Г.А.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup>PhD докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан  
e-mail: akjibekgz@gmail.com

<sup>2</sup>фил.ғыл.док., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
e-mail: sheru\_64@mail.ru

<sup>3</sup>пед.ғыл.канд., қауымдастырылған профессор, Ататүрік Университеті,  
Эрзурум, Түркия  
e-mail: saniya.nurgaliyeva@grv.atauni.edu.tr

<sup>4</sup>фил.ғыл.канд., Түріктану кафедрасының доценті, Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
e-mail: gukjik\_76@mail.ru

**Аңдатпа.** Қазақ тілі білім мен ғылымның, қоғамдық өмірдің, мәдениет пен тарихтың, саясат пен экономиканың тілі ретінде тұрақты дамуда. ХХ ғасырдың соңғы он жылындағы еліміздің егемендік алуы, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін иемденуі, сондай-ақ еліміздің Ата Заңды, мемлекеттік рәміздерді қабылдауы және елімізде жүргізілген, жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық, тағы басқа реформаларға байланысты қазақ тілі жаңа сөздер, жаңа қолданыстармен байи түсті. Қоғамдағы жаңа құбылыстар мен жаңа қарым-қатынастар жаңа ұғымдарды туғызады. Жаңа ұғымдарды белгілеу үшін жаңа атаулар қажет болады. Соның нәтижесінде тілімізден балама табылмаған жаңа ұғымдарды белгілеу үшін қазақ тілі шет тілден сөз қабылдауға мәжбүр болды. Шет сөздерін қабылдау арқылы будан аталымдардың да саны артты. Сондықтан будан сөздерді, будан аталымдарды, одан туындайтын будан терминдерді зерттеу тілтанымдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Біз осы зерттеу жұмысымызда тіл білімінің бір саласы саналатын терминжасамдағы будан атаулардың қойылу уәжі мен құбылысына тоқталамыз.

Мақалада кірме бірліктер негізінде қалыптасқан терминдердің бастапқы лексика-грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оларды қазіргі қазақ тілінің нормаларына сәйкес ресімдеу принциптері талданады. Мақаланың мақсаты – қазіргі қазақ тілінің терминжасам үрдісіндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасамдық құрамын талдау. Мақсатымызға жету үшін зерттеу материалы ретінде кен ісі және металлургияның салалық терминдері алынды. Зерттеу барысында терминжасамдық бөлшектердің будан терминдерді жасаудағы көрінісін талдау үшін сипаттау, бақылау, талқылау, саралау әдістері қолданылды.

Талдау барысында термин қағидаттарының саралануына да мән бердік, термин қағидаттары бойынша ұсыным білдірдік. Зерттеу нәтижесінде біршама терминбөлшекке балама ұсындық. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары, зерттеу барысындағы ұсынымдар тілтанымның терминология саласы бойынша көмекші құрал бола алады. Осы бағыттағы ізденушілер мен зерттеушілер бұл зерттеу мақаласын теориялық материал ретінде пайдалана алады. Сондай-ақ бұл зерттеу аталым теориясы, тіл экологиясы бағытындағы мамандарға да арналған.

**Тірек сөздер:** будан сөздер, терминдер, кірме сөздер, терминология, терминжасам, будан терминдер, терминбөлшектер, донорлық тіл

## **Негізгі ережелер**

Бұл ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты қазіргі қазақ терминжасам үрдісіндегі тілдік интеграцияның нәтижесінде пайда болған будан терминдерді сипаттау және олардың ерекшеліктерін зерттеу болып табылады. Осы мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерде негізінен сөзжасам, қазақ тілінің термин жүйесі және кірме терминдер сөз етіліп жүр. Ғылыми әдебиеттерді талдау будан терминдер тақырыбында ғылыми зерттеулердің жоқтығын көрсетті.

Будан термині – бұл екі тілдің компоненттерін қамтитын кірме және төл элементтерді біріктіру нәтижесінде пайда болған термин. Соңғы уақытта Қазақстан Республикасында жаппай жаңғыртуға байланысты қазақ тіліндегі будан терминдердің саны едәуір өсті. Будан терминдерін қазақ тілінің қазіргі даму кезеңінде әртүрлі салаларда табуға болады, мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі көздері болып табылатын киноиндустрия, теледидар, радио, интернет-сайттар және электрондық басылымдар саласындағы будан терминдерді жиі кездестіруге болады. Бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылымда және техникада будан терминдер санының осындай үлкен дамуы қазақ тілінің қазіргі әлемнің өте күрделі бейнесін бейнелейтін таңғажайып икемділігі мен үлкен ұтқырлығы бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

«Будан термин» ұғымымен «терминжасам» сияқты ұғымдар тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Терминдік білім – бұл тілдік құралдардың көмегімен кодталған ақпаратты беруді және қабылдауды қамтитын құрылымдық когнитивті жүйе, оның ортасы мен шарттары маңызды рөл атқарады.

## **Кіріспе**

Терминдер – түрлі ғылым салаларына тиесілі болып келетін, белгілі бір ұғымды білдіретін арнаулы лексика. Мұндай лексикалық бірліктер нақты бір ұғымның атауы болады. Бұл мағынаның тұрақтылығын да білдіреді. Терминдер бірнеше ғылым саласында қолданыла беруі мүмкін. Дегенмен бір ғылым саласының өзіне тән негізгі терминдері мен терминологиясы болады.

Қазақ терминологиясының қалыптасу кезеңі бар. XX ғасыр басы қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен еңбектер шықты. Қазақ зиялыларына тиесілі жұмыстарда ғылым салалары бойынша терминологиялық атаулар жүйесі іріктеле бастады. Бұл алғашқы қадам болғанымен мұның ғылыми негізі болды. Бұған дәлел ретінде А. Байтұрсынұлының бастамасымен ұсынылған термин қабылдау қағидаттарын айтуға болады.

Қазақ терминологиясының қалыптасу кезеңі бірнеше дәуірді құрайды және олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Олар XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы, 1910 жылдан 1930 жылға дейінгі, 1930 жылдан 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтитын және 1990 жылдан қазірге дейінгі жалғасатын кезеңдер [1, 87 б.]. Бұл кезеңдердің бірінде терминологияның қалыптасуының алғышарты жасалса, бірінде салалық ғылыми еңбектер негізінде мағыналық жағынан тұрақтала түсті. Кеңестік кезеңде қазақ терминологиясы қазақ тілінің табиғи

дамуы мен лексикалық мүмкіндіктерінен тыс халықаралық терминдермен толығырақ түсті. Соңғы кезең қазақ терминологиясын ұлттық тіл үлесінен толықтыруға мүмкіндік алғанымен саладағы біраз мәселелер қордаланды. Төл тілдегі терминдер үлесі артты. Дегенмен термин қабылдау үдерісінің тоқтамайтыны белгілі. Басқа тілден қабылданған терминдердің қатар қолданылуы, термин қабылдау талаптарына сәйкессіздік, салалық терминдік сөздіктерде синонимдерінің қатар берілуі, қабылданған терминдердің қолданыс тауып кетпеуі, терминдердің будандануы, терминбөлшектердің терминжасамдық қабілеті және тағы басқа да мәселелер өзекті болып отыр. Өзекті мәселелерге талдау жасалып, нәтижелер алынғанымен, саланың мәселелері терең зерттеуді қажет етеді. Мемлекеттік тілдің мәртебесіне лайық дамуы үшін негізінен жазу, орфоэпия және терминология салаларының мәселелері шешілуі қажет екенін ғалымдар айтып келеді.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Жұмысты жазу барысында тіл білімінде қалыптасқан талдау, жинақтау, сипаттау әдістері қолданылады.

А.А. Реформатский, Г.О. Винокур, А.В. Суперанская, Ә. Қайдар, Ш. Құрманбайұлы еңбектеріндегі терминология саласының жалпы мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар Б. Момынова, Ж. Түймебаев, М. Ескеева еңбектеріндегі қазақ лексикологиясының кірме атаулармен толығырақ және гибрид бірліктердің арту себептеріне сипаттама берілді. Ғалымдар Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, С. Байменшенің терминологияның өзекті мәселелері жөнінде баяндамаларында айтқан пікірлеріне сүйенілді.

### **Нәтижелер**

Түбір алды терминбөлшектері: авиа-, авто-, агро-, анти-, архео-, астро-, аэро-, био-, гео-, гидро-, гипер-, зоо-, макро-, микро-, моно-, мото-, нейро-, нео-, поли-, радио-, супер-, теле-, термо-, транс-, ультра-, фоно-, фото-, экс-, электр- және тағы басқа;

Түбір соңы терминбөлшектері: -граф(ия), -(о)дром, -(о)логия, -метр(ия), -(о)тека және тағы басқа;

Аталған терминбөлшектер қазақ тіліндегі салалық терминдер сөздігінің басым бөлігінен орын алып үлгерген. Мағынасы да түпнұсқа негізінде жұртшылыққа түсінікті. Термин мәселесінде назараударуды қажет ететін мәселелердің бірі осы орыс тілі арқылы еніп отырған терминбөлшектер. Осыған ұқсас терминдерді қабылдау немесе қабылдамау, аударма жасау немесе аударма жасамау, бұл үлгіні ұлттық терминжасамда қолдану немесе қолданбау сияқты мәселелерде ғалымдардың пікірлері бір жерден шықпай келеді. Терминбөлшектерге балама табу, төл сөзбен алмастыру мәселесі де талқылана бермейді. Бұл қазіргі таңдағы терминбөлшектердің қажеттілігі мен маңызына байланысты болса керек.

Әлемдік ашық интеграция кезеңінде дүниежүзі тілдері секілді қазақ тілі де будандану процесінен тыс қала алмай отыр. Ғалымдар олардың бірнеше себептерін көрсетеді: 1) ғылым мен білім жаңалықтарының көп болуы, өзге

елдерден бізге тасымалдануы; 2) донорлық тіл деңгейіне жеткен тілдердегі өзгерістердің сол елдің моделіне салынуы, оның әлем үлгісіне айналуы; 3) дамыған модель елдердің саяси-экономикалық басымдылығының болуы; 4) жазу мен әдеби тіл рөлінің артуы 5) жазудың көмегіне жүгінетін жазба коммуникацияның рөлінің күшеюі [2, 260 б.].

Біздің пікірімізше, аталған мәселе әлем тілдеріне ортақ үдеріс болғанымен, жаппай будандануға жол беруге болмайды. Ұлттық тілдің терминбөлшектердің бір қатарын толықтыруға мүмкіндігі бар деп есептейміз. Терминбөлшектерді қазақ тіліндегі баламасымен төмендегі 1-кестеде салыстырып өтеміз.

Кесте 1. Термин бөлшектердің қазақ тіліндегі баламасы

№	Терминбөлшек	Шығу тегі	Мағынасы	Қазақ тіліндегі баламасы
1	аэро-	грек	ауа	ауа, әуе
2	гидро-	грек	су	су
3	зоо-	грек	жануар	жануар, хайуан
4	контр-	латын	қарама-қарсы	қарсы
5	макро-	грек	үлкен, ұзын	үлкен, ірі
6	микро-	грек	ықшам, кіші, шағын	шағын
7	нейро-	грек	желі, жүйке	жүйке
8	нео-	грек	жаңа	жаңа
9	экс-	грек	тыс, тысқары, сырт	тыс, бұрынғы

Кестеден көріп отырғанымыздай кейбір терминбөлшектерге қазақ тілінен балама табуға болады. Осы балама негізінде терминдер ұсынылуы тиіс. Дегенмен халықаралық терминбөлшектерді қазіргі таңда терминжасамнан ығыстыру мүмкін емес. Оның бір себебі ретінде бұл бөлшектердің басқа тілдік бірліктермен біріккен тұлғасында тілімізге енуін атауға болады. Мысалы, түбірсоңы терминбөлшектері төл лексикамен бірігіп терминжасамға орныға алмайды. Олар тұтас күйінде қабылданған терминдердің бөлшегі. Егер де буданданудан бас тарту қағидаты терминдік талаптарға енер болса, терминнің де толық лексикадан жасақталуы қажет болады. Зерттеуші ғалымдардың пікіріне қарағанда қазіргі таңда керісінше қазақ тіліндегі терминдерде орыс

және орыс тілі арқылы енген халықаралық статусына ие терминдер қазақ тілінің төл лексикасына қарағанда саны жағынан артып барады [3, 271 б.]. Бұл пікірді дәлелдеу үшін қазақ тіліндегі салалық терминдердің сөздіктеріне талдау жасалуы керек.

Терминография – арнаулы сөздіктер жасалуының жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасауды, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасауды, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздіктер берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасауды қарастыратын терминтанудың саласы болып табылады [4, 18 б.]. Алғашқы кезеңде қазақ тіліндегі терминдер сөздігі жеке бір салаға арналмай, жалпылама терминдерге арналып келген. Кейіннен ғылымның дамуына байланысты әрбір ғылым саласының терминдер сөздігі ұсыныла бастады. Қазіргі уақытта қазақ тілінің салалық терминдерінің сөздігі 31 томдық еңбекті құрап отыр. Аталған сала бойынша бұл сөздік ең ауқымдысы болғанымен терминдердің мағынасын түсіндіре алмайды және орысша-қазақша сөздік үлгісінде берілген. Яғни осыған қарап, бұл терминдер негізінен орыс тілінен аударма жасау арқылы сөздікке еніп отыр деп айта аламыз. Ол сөздіктердің әр томы тіл білімі, әдебиеттану, музыка, кен ісі және металлургия, математика, физика, философия секілді әрбір саланың терминдеріне арналған.

Кен ісі және металлургия әлемдік өркениеттегі жетістіктерінің бірі болған. Ата-бабамыз негізін қалаған бұл саланың терминдік жүйесін талдау арқылы ұлттық тілдегі терминдік бөлшектерді зерттемекпіз. Қарастырылған терминологиялық сөздікке келер болсақ, онда он бір мыңнан астам термин қамтылған [5, 503 б.]. Барлығы - 11403 термин. Біз зерттеу нысаны етіп белгілеген терминологиялық сөздікте 17 терминбөлшек қатысқан. Олардың ішіндегі өнімді терминбөлшектердің қолданысын төмендегі 2-кестеден көреміз.

#### Кесте 2. Кен ісі және металлургия терминдерін жасауға қатысқан терминбөлшектер

№	Терминбөлшектер	Сөздіктен мысалдар	Терминдер саны
1	гидро-	гидроаршым, гидробаған, гидробалға, гидробекітпе, гидрожарылыс, гидроитергіш, гидрокоспа, гидролиз, гидрокөлік, гидрокүшейткіш	69
2	гео-	геодезия, геодинамика, геоид, геоизометрия, геомеханика, геостатика, геотехнология, геофизика	68
3	экс-	экскавациялау, экстракт, экстрактор, эксцентрик, эксцесс, экструзия, экстракциялау	49
4	авто-	автомат, автоматика, автомат-орнақ, автотабак, автотүсіргіш, автобұғаттау, автогендік	32

5	микро-	микроақау, микрозонд, микроқаттылық, микротүйірлі құрылым, микрофотометр, микротастілім, микродифракция	31
---	--------	---	----

Кестеде берілген қолданылу жиілігі жоғары терминбөлшектерден бөлек -нано, -термо, -био, -изо, -ультра, -фото секілді терминдік бөлшектер әртүрлі жиілікте термин жасауға қатысқан. Бір тобы тікелей донор тілден қабылдап алынған. Қарастырылған сөздіктен терминдердің басым көпшілігі аудармасыз тікелей қабылданса, бір қатар терминдердің қазақ тілінде жасалуына терминбөлшектер септесіп тұр. Яғни терминбөлшек сол қалыбында қалдырылып, басқа бөліктері қазақ тіліне аударылған. Терминжасам тәсілдері негізінен жалпы сөзжасам тәсілдеріне негізделген. Терминтану саласында терминүлгі деген термин қалыптасқан. Ол дайын терминдерді қабылдап алудан өзге құбылыс. Бұл салалық терминдердің белгілі бір қалыптасқан сөзжасамдық үлгісі бойынша бірдей болып жасалуына негіз болатын үлгі [1, 574 б.]. Терминбөлшектерге балама жасалған жағдайда терминдік үлгі де ұсынылуы тиіс.

Қазақ тілінің өзекті мәселелерінің бірі ретінде терминологияны көрсеткен ғалым Ә. Қайдар халықаралық деп саналатын терминдердің қазақ тіліне енуінің екі жолын атайды. Терминдер тасымалдаушы орыс тілінде қалай болса дәл сол қалыбында аудармасыз енеді және нақты баламасы бар сөздер қазақ тілінен алынады. Ал халықаралық терминдер қатарындағы терминбөлшектерді түбір алды жұрнағы ретінде тұтас термин құрамында келген бірліктер ретінде санайды. Терминдермен бірге енген -изация, -ификация, -ация, жұрнақтары қазақ тіліндегі -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу және -ландыру, -лендіру, -дандыру, -дендіру, -тандыру, -тендіру жұрнақтарымен алмастырылады. Мысалы: газдандыру, автоматтандыру, электрлендіру және тағы басқалар [6, 177-178 б.]. Сонымен бірге орыс тіліндегі -к(а), -изаци(я) жұрнақтарының көмегімен жасалған бір қатар терминдердің мағынасын қазақ тіліндегі қимыл атауы формасымен беруге болады. Мысалы, уценка – арзандату, сортировка – сұрыптау, приватизация – жекешелендіру және тағы басқа. Бұл да терминдерді игерудің бір тәсілі ретінде қалыптасты. Дегенмен аударма үнемі сәтті шықпайды. Мұны ұсынылған терминдердің қолданысқа енбей қалуынан да байқауға болады. Сондықтан терминді жасап ұсыну мен аударма арқылы қабылдау ісіне тек тіл мамандарының емес сала мамандарының да айналысуы маңызды болып отыр. Бұл қазіргі терминологиялық үрдісті өзгертеді.

Терминбөлшектер жеке қалыбында қандай да бір мағынаны бергенімен, тілімізде жеке сөздік немесе терминдік қолданыста бола алмайтыны белгілі. Төл сөзбен байланысы негізінде будандасады. Будан терминдерді әртүрлі этимологиялық бірліктен, сөзжасамдық бірліктерден құралған туынды, күрделі және күрделі туынды сөздер ретінде жіктеп қарауға болады. Кен ісі және металлургия саласының терминдеріне қатысқан терминбөлшектер де осындай жағдайдағы қолданыста.

Зерттеу нысанына алынған сөздікте біршама назар аударатын мәселелер баршылық. Қарастырылған сөздіктегі тағы бір кемшілік – ұлттық лексикалық қордың тиімді пайдаланылмауы. Сөздікте қазақ тіліндегі баламасы алынбаған немесе табылмаған бір құрамды атау тұлғалы терминдер және көп құрамды терминдер құрамында аударылмаған сөзді терминдер кездеседі. Ол шет тілден енген сөздер қазақ терминологиясының ғылыми қағидаттарына сәйкес қазақ тілінің заңына икемделмеген. Мысалы, абсорбент, акрит, альфер, анод, блюм, бонус, вакансия, диск, индуктор, карьер, пегматит, плазма, реактив, сигнал, элеватор, эжектор, эбонит, ядро және тағы басқа да терминдер осы қалпында енген және тұрақты қолданыста. Мұндай терминдердің басым көпшілігіне қазақ тілінен балама табуға болады. Бірнеше мысал келтіре кетейік. Қазақ тіліндегі терминдерде «вертикал, горизонтал» сөздерін «тік, көлденең» баламасымен қолданылып жүргеніне қарамастан «вертикал» сөзінің қатысуымен 15, «горизонтал» сөзінің қатысуымен 27 термин алынған. Бұл мәселе тіліміздегі будан текті сөздер мен терминдердің шамадан тыс көбеюіне жол ашады. Салалық терминдер сөздігінің қай бағытынан зерттеу нысаны етсек те, қолданыстағы лексикалық бірліктерді кірме тек тұрғысынан қарастырсақ та осындай нәтижелер алатынымыз анық. Себебі бұл жалпы тілдік үдеріс болып отыр.

Шындығында, қазақ тілінде қанша термин бар, олардың қаншасы бір компонентті жай терминдер, қаншасы көп компонентті күрделі терминдер, қаншасы шет тілдік, қаншасы аралас, қаншасы ана тілі негізінде пайда болған терминдер екендігіне жауап бере алмаймыз [7, 38 б.]. Тіл үнемі даму үстінде. Сонымен қатар мұнымен арнайы ешкім айналыспайды. Сондықтан мәселе терминдік қағидаттарға келіп тіреледі. Термин қабылдаудың ғылыми қағидаттары тілдік мәселелерді ескере отырып қабылдануы тиіс. Осы жүйемен ғана терминологиялық жағдайды бақылауда ұстауға болады деп есептейміз.

Будан терминдердің пайда болуына ең алғашқы себеп кірме терминнің қабылдануы. Кірме сөздерді термин ретінде қабылдаудың қағидаттары ХХ ғасырдың басында пайда болғанымен, іс жүзінде іске асырылған қағидатты байқамаймыз. Ғалымдардың арасында сырттан термин қабылдау мәселесіне ортақ көзқарас жоқ. Кей ғалымдар сырттан енген терминдерді аударуды емес, олардың түсіндірме сөздігін жасауды ұсынады. Мысалы, «саммит» сөзі алғашында аударылып, «бас қосу» баламасымен ұсынылып, бірақ қолданыс таппады. Сол секілді «Exit-Poll» секілді сөздерге де балама іздеудің қажеттілігі жоқ деп есептейді [8, 188 б.]. Бірақ көптеген осы сияқты терминдердің аударылмай, сол күйінде түсіндірмелерімен қолданысқа енгізсек, тілдегі будандану үрдісін күшейтуі мүмкін. Ғалымдар әуел баста терминологиялық жүйе осындай жағдайға келгенде мәселелерді болдырмас үшін ортақ принциптерді айқындау керек еді деп есептейді. Ұлттық тілде терминдер туыстас тілдерден емес, шет ел тілдерінен толықты. Қазіргі терминологиядағы ортақтық бұл тілдеріміздің ішкі табиғатынан емес, сыртқы тілдердің әсерінен орнаған ортақтық [9, 23 б.]. Терминологиялық принциптер орыс тіліндегі және халықаралық статусындағы терминдерден байқалады. Ал туыстас тілдердің термин алмасу тәжірибесі іске аспады. Тілдің ішкі табиғатына сәйкестендіру

деген сөз тілдің заңдылықтарына кірме сөздерді икемдеу. Тіл заңдылықтарына сәйкестендіруге мыналар жатады: 1) термин құрамындағы әрбір дыбыстың қазақ тіліндегі дыбыспен сәйкесуі; 2) сөз ішінде екіден көп дауыссыз дыбыстардың қатар келмеуі; 3) сөздердің ішіндегі дыбыстардың сингармонизм заңы бойынша бір-бірімен үндесуі [10, 17 б.]; Туыстас тілдерден термин іздеу қағидаты мен тілдің ішкі заңына сәйкестендіру қағидаттары тілдегі жаппай гиридтенуді болдырмауға септеседі.

### **Талқылау**

Тіліміздегі терминдердің әдеби тілге қатысы жөнінде бірнеше көзқарастар бар. Терминология саласында белгілі ғалым А. Суперанская мұндай көзқарастардың жиынтығын тізбектеп шығады. Біріншіден, терминдер әдеби тіл құрамына енетін бір лексикалық бөлік. Екіншіден, әдеби тілге шектеулі қатысы бар, бірақ ұлттық тілдік жеке лексикалық топ. Үшіншіден, жасанды таңбалар, тілге жатпайды [11, 17 б.]. Бұл қалыптасқан пікірлер. Бірақ барлық пікірлерді сараптай айтсақ, терминдерді қазақ тіліндегі жасанды таңбалар дей алмаймыз. Терминдердің пайда болуына сырттан сөз қабылдау және сөзжасамдық тәсілдер арқылы төл сөздерден термин жасау тән болып табылады. Бұл жердегі маңызды мәселе сөз бен термин сөздің сәйкестігі болып отыр. XX ғасырдың 30 жылдарында терминдердің өзіндік табиғаты жайында Г.О. Винокур термин ерекше сөз емес, ерекше қызмет атқаратын тілдік бірлік екенін айтады [12, 7 б.]. Осыған байланысты А.А. Реформатскийдің пікіріне назар аударсақ, бір жағынан терминология саласы өзінің өлшемшарттарымен ерекшеленсе, бір жағынан қарапайым тілдік қатынаста болады. Әр арнаулы сөз салалық терминологиялық сөздікке ену арқылы термин болса, сол термин аталушы затпен сәйкестігін жоғалту негізінде қарапайым тілдік қолданысқа қайтады [13, 55 б.]. Терминнің негізгі сипаты терминологиялық жүйедегі ұғыммен байланысты. Сөз терминологиялық жүйеден тыс кезінде арнаулы емес жай сөз күйінде қалады. Сондай-ақ кез келген лексикалық бірліктің қажеттілігіне қарай арнаулы лексика құрамына өтуге мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңдағы халықаралық ашық экономикалық қатынастар, ақпараттық технологиялар тілдік жағдайды жаңа кезеңге әкелді. Халықаралық сөздердің барлық ұлт тілдеріне таралуы кірме сөздерді көбейтіп қана қоймай, сөз тудыру үрдісіне де ықпал жасады. Сөз тудыру дегеніміз сырттан сөз қабылдау, өзге тілден енген сөзге балама сөз жасау, толық немесе жартылай аударма жасаумен байланысты іске асады. Әлемдегі донор тілдердің көбісі халықаралық аренадағы ықпалы артқан тілдер. Ол тілдер қатарына Қазақстанда қолданыс тауып отырған орыс, ағылшын тілдері жатады. Сырттан сөз қабылдаушы тілдер негізінен донор тілдердің ықпалына түсуге бейім келеді. Бұған қазіргі қазақ тілінен көп дәлелдер келтіруге болады. Көп мысалдың бірі – қазақ тіліндегі будан (гибрид) сөздердің пайда болуы және олардың тілде орнығып қалуы. Бұл үрдіс қазақ тіліндегі жасалып жатқан терминдерден анық байқалады. Мұндай лексикалық біріктер тобы зерттеу еңбектерінде бірнеше атаулармен аталады. Қатар қолданыстағы қоспа, будан,



будан атауларының біріне тоқтам жасалған жоқ. Аталған будандану процесі әлем тілдерінің барлығына дерлік орнықты. Оның экстралингвистикалық себептері өте көп.

Сөздің бір бөлігі төл ал қалған бөлігі кірме сөз немесе терминбөлшек болып келетін сөздер саны қазір барынша артқан. Бұл тілдегі ерекше назар аударатын құбылыс болып отыр. Мұндай атау сөздер санының артып кетуінің лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерін зерттеп, олардың жасалу жолдары мен мағыналарын, құрылымдық ерекшеліктерін сипаттауымыз керек. Мұндай зерттеу жүргізу үшін аталған тілдік бірліктерді түрлі салалардан жинақтап, ерекшеліктеріне қарай жүйелеу керек. Терминжасамдағы үлесі мен терминдік үлгісін анықтау қажет. Қазіргі қазақ тілінде будан сөздер активті қабатты толтыруда. Мысалы: автожол, фотоқондырғы, агроқалашық, телеарна, тележүздесу, фотокөрме, биотөлкұжат, экожоба және тағы басқа сөздер. Терминбөлшектердің ұйытқы болуымен жасалған сөздерді сол қалыбында қабылдау немесе олардың екінші бөлігін ғана аударып қолданысқа енгізу будан атауларының көбеюінің себебі болды деп айта аламыз.

Өзге тілдер арқылы халықаралық терминдерді қабылдап алумен қатар терминологиялық мағыналарға ие терминбөлшектердің негіз болуымен де терминжасам өнімділігі артты. Терминбөлшек деп терминологиялық элементтерді яғни терминологиялық мағынасы бар ең кіші тілдік бірліктерді айтамыз [1, 506 б.]. Терминбөлшекті түсіндіретін бірнеше анықтама бар. Оның ішінде В.Ф. Новодранованың анықтамасына ғалымдар басымдық береді. Терминдік бөлшек – терминнің құрамынан белгілі бір орынды иеленіп, мейлінше тұрақталған мағынаны білдіріп, туынды терминдерде үнемі қайталанып және жаңа терминдерді жасауға қабілетті болатын кіші бірлік [1, 506 б.]. Мұндай бөлшектерге халықаралық сипат тән. Халықаралық терминдер деп тұлғалануы жағынан және мағына жағынан бірнеше тілде бірдей сипатқа ие болуын айтамыз. Қазіргі қазақ терминологиясының құрамында жиілігі жоғары грек және латын тілдеріне тиесілі термин тудырушы бірліктер маңызды орын алып отыр. Тіліміздегі терминбөлшектердің басым көпшілігі терминдік мағынада, дайын қалпында қабылданған. Олардың басым көпшілігі грек және латын тілдеріне тиесілі. Тасымалдаушы тіл қызметін орыс тілі атқарды. Осы терминбөлшектердің қызметімен, халықаралық терминдердің үлгісімен қазіргі қазақ тілінде термин жасау жолға қойылды. Олардың өнімділігі де жоғары деп айтуға болады. Қазақ тілінде орныққан термин бөлшектерді түбір алды терминбөлшектері және түбір соңы терминбөлшектері деп бөлуге болады.

### **Қорытынды**

Терминология әлем тілдерінің бәрі үшін де өзекті әрі күрделі сала екені белгілі. Терминдік қорымызда төл лексиканың рөлі басым. Дегенмен қазіргі таңдағы жаңа қоғамдық қатынастар тілде де жаңа өзгерістерді байқатып отыр. Оның бірі лексиканың және арнаулы сала сөздерінің будандануы. Буданданудың негізгі себебі кірме бірліктерді қабылдау, сөзжасамға енгізу.

Бұл ретте терминжасамда түбірі грек және латын тілдеріне тиесілі терминбөлшектердің басым екені белгілі болып отыр.

Бірқатар терминбөлшектердің ерекшеліктері, қызметі, мағынасы, төл сөзбен сәйкестігі анықталды. Түбір алды терминбөлшектерінің қызметі, термин соңы терминбөлшектерінің табиғаты, аударма терминдеріндегі орыс тілі жұрнақтарының қазақ тілі жұрнақтарымен сәйкестігі талданды. Нәтижелерді алу үшін кен ісі және металлургия салалық терминдік сөздігі зерттеу нысаны болды. Талдауда бірнеше мәселелер анықталды. Олардың қатарына төл лексикаға басымдық берілмеуі, қазақ тіліндегі дайын баламалардың пайдаланылмауы, терминнің бір бөлігінің ғана аударма жасалуы және тағы басқалар.

Зерттеуіміздің негізінде терминбөлшектердің терминжасамда маңызды рөл атқаратынын біліп отырмыз. Бұл терминдердің будандануына жол ашып отыр. Бірақ қарастырылған терминбөлшектерді терминжасамнан ығыстыру мүмкін емес. Мәселе өзекті болғандықтан, бір топ терминбөлшекке балама ұсынып отырмыз. Тілдегі будандану мәселесін шешу үшін шет тілдерінен сөз қабылдау қағидаттары мен туыс тілдермен термин алмасу қағидаттарының түбегейлі қабылдануы қажет деп есептейміз.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант №АР19677837).

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография / Ш. Құрманбайұлы – Алматы: Сардар, 2014. – 952 б.

[2] Момынова Б.Қ. Тілдегі гибрид сөздер: жазба тілдік ерекшеліктері, модельдері / Б.Қ. Момынова // ф.ғ.д, профессор Г.Б. Мадиеваның ғылыми-педагогикалық қызметінің 35 жылдығына арналған «Филология мен шет тілдерен оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері: теория және практика» атты IV Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2018. – 437 б.

[3] Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері / Ж.Түймебаев, М. Ескеева – Алматы: Қазығұрт, 2015. – 512 б.

[4] Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері / Ш. Құрманбайұлы – Алматы: Мектеп, 2007. – 352 б.

[5] Кен ісі және металлургия. Терминологиялық сөздік. Т:18 – Алматы: «Қазақпарат», 2014. – 504 б.

[6] Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә. Қайдар – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.

[7] Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас / Ә. Қайдаров – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

[8] Серікқали Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы / Б. Серікқали // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы – Астана, 2014. – 226 б.

[9] Айтбайұлы Ә. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ терминологиясы / Ә. Айтбайұлы // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы – Астана, 2014. – 380 б.

[10]Қалиұлы Б. Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері / Б. Қалиұлы – Алматы, 2008. – 160 б.

[11]Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Терминологическая деятельность / А.В. Суперанская, Н.В. Подольская – Москва: Едиториал УРСС, 2005. – 288 с.

[12]Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии / Г.О. Винокур // Труды МИФЛИ: Сборник статей по языкознанию. – Т. 5. – М., 1939. – С.10.

[13]Реформатский А.А. Что такое термин и его терминология / А.А. Реформатский // Вопросы терминологии. – М., 1961. – С. 53-67.

## REFERENCES

[1] Kurmanbayuly Sh. Qazaq terminologiyasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografiya (Kazakh terminology: research, textbook, dictionary, bibliography). – Almaty: Sardar, 2014. – 952 b. [in Kaz.]

[2] Momynova B. K. Tildegi gibriddik sozder: zhazba tildik erekshelikleri, model'deri (Hybrid words in the language: features, models of written language) // Collection of materials of the IV International Scientific and methodological conference “Actual problems of teaching philology and foreign languages: theory and practice”, dedicated to the 35th anniversary of the scientific and pedagogical activity of Doctor of philology, Professor G. B. Madieva. – Almaty, 2018. – 437 b. [in Kaz.]

[3] Tuimebayev Zh., Eskeeva M. Tyrkitanudyng tarihi-lingvistikalıyq negizderi (Historical and linguistic foundations of Turkology). – Almaty: Kazygurt, 2015. – 512 b. [in Kaz.]

[4] Kurmanbayuly Sh. Terminqor qalyptastyru kozderi men terminzhasam tasilderi (Sources of term formation and methods of term formation). – Almaty: Mektep, 2007. – 352 b. [in Kaz.]

[5] Ken isi zhane metallurgiya. Terminologiyalyq sozdik. (Mining and Metallurgy. Terminological dictionary). T: 18. – Almaty: Kazinform. – 504 b.[in Kaz.]

[6] Kaidar A. Qazaq tilining ozekti maseleleri (Actual problems of the Kazakh language). – Almaty: Rodnoi yazyk, 1998. – 304 b. [in Kaz.]

[7] Kaidarov A. Qazaq terminologiyasyna zhangasha kozqaras (A new approach to Kazakh terminology). – Almaty: Rauan, 1993. – 43b. [in Kaz.]

[8] Serikkali B. Tauelsizdik kezegindegi qazaq terminologiyasy (respublikalyq gylymi-praktikalyq konferenciya materialdarynyng zhinagy) (Kazakh terminology in the period of Independence (collection of materials of the Republican scientific and practical conference)). – Astana, 2014. – 226 b. [in Kaz.]

[9] Aitbayuly U. Tauelsizdik kezegindegi qazaq terminologiyasy (respublikalyq gylymi-praktikalyq konferenciya materialdarynyng zhinagy) (Kazakh terminology in the period of Independence (collection of materials of the Republican scientific and practical conference). – Astana, 2014. – 380 b. [in Kaz.]

[10] Kalievich B. Qazaq terminologiyasynyng ozekti maseleleri (Actual problems of Kazakh terminology). – Almaty, 2008. – 160 b. [in Kaz.]

[11] Superanskaya A.V., Podolskaya N. V., Vasilyeva N. V. Obshhaya terminologiya: Terminologicheskaya dyatel'nost' (General terminology: terminological dyatel'nost). – Moscow: Editorial URSS, 2005. – 288 s. [in Rus.]

[12] Vinokur G. O. O nekotoryx yavleniyax slovoobrazovaniya v russkoj texnicheskoj terminologii (About specific names of languages in Russian

technical terminology). True MYTHLEY: A Dictionary of the language. – Т. 5. – М., 1939. – S.10 [in Rus.]

[13] Reformatsky A. A. Chto takoe termin i ego terminologiya (What is such a term and its terminology). Questions of terminology. – М., 1961. – S. 53-67. [in Rus.]

## **ЯВЛЕНИЕ ГИБРИДА В ТЕРМИНООБРАЗОВАНИИ**

\*Ахмет А.Н.<sup>1</sup>, Курманбайулы Ш.<sup>2</sup>, Нургалиева С.А.<sup>3</sup>, Бегимова Г.А.<sup>4</sup>

\*<sup>1</sup> PhD докторант, Евразийский Национальный университет им. Л.Н.

Гумилева,

Астана, Казахстан

e-mail: akjibekz@gmail.com

<sup>2</sup> док. фил. наук, профессор, академик НАН РК, Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail: sheru\_64@mail.ru

<sup>3</sup> канд. пед. наук, ассоциированный профессор, Университет Ататюрка, Эрзурум, Турция

e-mail: saniya.nurgaliyeva@grv.atauni.edu.tr

<sup>4</sup> канд. фил. наук, доцент кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail: gukjik\_76@mail.ru

**Аннотация.** Казахский язык постоянно развивается как язык образования и науки, общественной жизни, культуры и истории, политики и экономики. За последние десять лет XX в связи с тем, что наша страна обрела суверенитет, наш язык получил государственный статус, принятием нашей страной Конституции, государственных символов, а также в связи с проводимыми в стране политико-экономическими и другими реформами века казахский язык обогатился новыми словами и новыми применениями. Новые явления и новые отношения в обществе порождают новые концепции. Для обозначения новых концепций требуются новые наименования. В результате чего казахский язык был вынужден заимствовать слова из иностранных языков, чтобы обозначить новые понятия, которые не нашли альтернативы в нашем языке. Также увеличилось количество наименований благодаря заимствованию иностранных слов. Поэтому изучение гибридных слов, гибридных наименований, вытекающих из них гибридных терминов становится одной из актуальных проблем в языке. В данной исследовательской работе мы рассмотрим мотивы и явление присвоения гибридных наименований в терминологии, являющегося одной из отраслей лингвистики.

В статье анализируются принципы оформления терминов, сформировавшихся на основе заимствованных единиц, в соответствии с нормами современного казахского языка с учетом их исходных лексико-грамматических особенностей. Целью статьи является анализ лингвистических особенностей, словообразовательного состава гибридных терминов в терминологическом процессе современного казахского языка. Для достижения нашей цели в качестве материала исследования были взяты отраслевые термины горного дела и металлургии. В ходе исследования были использованы методы описания, наблюдения, обсуждения, дифференциации для анализа проявления терминологических частиц в гибридах.

В ходе анализа мы также обратили внимание на дифференциацию принципов создания терминов и представили рекомендации по принципам создания терминов. В

результате данного исследования мы представили альтернативы для некоторых терминоэлементов. Результаты и выводы исследовательской работы, рекомендации в ходе исследования могут служить вспомогательным инструментом языкознания в области терминологии. Соискатели и исследователи в этой области могут применить данную исследовательскую статью в качестве теоретического материала. Данное исследование также предназначено для специалистов в области теории наименования и экологии языка.

**Ключевые слова:** гибридные слова, термины, заимствованные слова, терминология, терминообразование, гибридные термины, терминочастицы, язык донор

## **THE PHENOMENON OF HYBRIDS IN TERM FORMATION**

\*Akhmet A.N.<sup>1</sup>, \*Kurmanbayuly Sh.<sup>2</sup>, \*Nurgalieva S.A.<sup>3</sup>, \*Begimova G.A.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan  
e-mail: akjibekz@gmail.com

<sup>2</sup>Doc. Phil. Sc., Professor, Academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan  
e-mail: sheru\_64@mail.ru

<sup>3</sup>Cand.Ped. Sc., Associate Professor, Ataturk University, Erzurum, Turkey  
e-mail: saniya.nurgaliyeva@grv.atauni.edu.tr

<sup>4</sup>Cand. Phil. Sc., Associate Professor of the Department of Turkish Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan  
e-mail: gukjik\_76@mail.ru

**Abstract.** The Kazakh language is constantly developing as the language of education and science, public life, culture and history, politics and economics. Over the last ten years of the twentieth century, due to the fact that our country has gained sovereignty, our language has received state status, the adoption of the Constitution, state symbols by our country, as well as in connection with the political, economic and other reforms of the century carried out in the country, the Kazakh language has been enriched with new words and new applications. New phenomena and new relations in society give rise to new concepts. New names are required to designate new concepts. As a result, the Kazakh language was forced to borrow words from foreign languages in order to designate new concepts that did not find an alternative in our language. The number of names has also increased due to the borrowing of foreign words. Therefore, the study of hybrid words, hybrid names, hybrid terms resulting from them becomes one of the urgent problems in the language. In this research paper, we will consider the motives and phenomenon of assigning hybrid names in term formation, which is one of the branches of linguistics.

The article analyzes the principles of the design of terms formed on the basis of borrowed units, in accordance with the norms of the modern Kazakh language, taking into account their original lexical and grammatical features. The purpose of the article is to analyze the linguistic features, the word-formation composition of hybrid terms in the term-formation process of the modern Kazakh language. To achieve our goal, the industry terms of mining and metallurgy were taken as the research material. In the course of the study, methods of description, observation, discussion, differentiation were used to analyze the manifestation of terminating particles in hybrids.

During the analysis, we also drew attention to the differentiation of the principles of creating terms and provided recommendations on the principles of creating terms. As a result of this study, we have presented alternatives for some term elements. The results and conclusions of the research work, recommendations in the course of the study can serve as an auxiliary tool of linguistics in the field of terminology. Applicants and researchers in this field can apply this research article as a theoretical material. This study is also intended for specialists in the field of naming theory and language ecology.

**Keywords:** hybrid words, terms, borrowed words, terminology, term formation, hybrid terms, particle term, donor language

*Статья поступила 09.10.2023*